



# ОЗЕН



## АЛҒЫС АЙТАМЫН!

Қараша айына бекітілген негізгі жоспар 456 000 тонна болатын. Сіз бен Біздің тынымсыз еңбегіміздің арқасында бұл көрсеткіш 456 860 тоннаға жетіп, нәтижесінде бекітілген жоспарды 860 тоннаға артық орындадық. Жоспар өздігінен орындалмайтыны айтпаса да түсінікті. Жоспарды орындау компаниядағы ерқайсымыздың еңбекқорлығымыз бен білімімізге тікелей байланысты.

Біздің мақсатымыз біреу! Ол тынымсыз еңбек ете жүріп, «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамын күшейту, қуатты, дамыған, өркендеген озық компанияға айналдыру!

Компанияның бас директоры ретінде ерқайсыңызға жеке-жеке ыстық ықыласпен шексіз алғысымды білдіремін! Кәсібіңізді адал атқарып, нәтижеге қол жеткізіп жүрген Сіздерге Алланың нұры жаусын!

Құрметпен: «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Есен ӨТЕЕВ

## ӨЗЕНМҰНАЙГАЗДЫҚ ӨНЕРТАПҚЫШТАР ҚР ПАЙДАЛЫ МОДЕЛЬ ПАТЕНТІН ИЕЛЕНДІ

Компания озық ойлы жастарының идеяларын іске асыру арқылы, өндірісті дамыту мақсатында Жас мамандар кеңесі ұйымдастырған өнертапқыштар сайысына 11 жоба ұсынылған болатын.

Жобалар білікті мамандардан тұратын қазылар алқасы іріктеуінен өткізіліп, таңдаулы 7 жобаның Өзен кенорнының дамуына айтарлықтай пайдасы бар екендігі анықталып, патент рәсімделді.

Бас директордың транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Айтқали Бәшенов үздік 7 жобаның авторлары Жасулан Қарақұлов, Мұрат Ақын, Әділжан Үсенов, Бекназар Таласбаев, Әлібек Қосжанов, Мұрсалин Қоразов, Бисары Дүйсенбаев, Жарылқал Өтешовтарды құттықтап, патенттерін салтанатты түрде табыстады.

«Бүгін сөзден гөрі істің бағасы құнды. Жобалар компания жастарының фантазиясының ұшқыр, ойлау қабілетінің жақсы екендігін көрсетті. Миды дамытып, не жасасаңдар да сапалы жасауға ұмтылыңдар!» – деді Айтқали Бәшенов.



ҚАРАША АЙЫНДАҒЫ МҰНАЙ ӨНДІРУ ЖОСПАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУ КӨРСЕТКІШІ 100,19%



## «ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Компания қызметкерлерінің өз міндеттеріне салғырт қарауын болдырмау мақсатында Қауіпсіздік қызметінің «сенім телефоны» жұмыс істейтінін хабарлайды. Қызметкерлер сенім телефонына жұмыс бабында орын алған құқық бұзушылық немесе келеңсіз жағдайдың алдын алу, қитұрқы әрекетті болдырмауға ықпал ететін өзге де маңызды ақпаратты хабарлай алатындығын қаперіңізге береміз.

Хабарлаушы азамат есімінің құпия сақталуына кепілдік беріледі.  
Қауіпсіздік қызметінің сенім телефоны: +7 (72934) 65-1-54  
Электронды поштасы: doverie@umg.kmger.kz



Өзенмұнайгаздық мұнайшылардың сұрауы бойынша Жаңаөзенге жаңа реанимобильдер және мектеп автобустары сыйға тартылды. Автокөліктерді салтанатты табыстау шарасы облыс орталығы Ақтау қаласында өтті. Салтанатты шараға ҰЭАҚ «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасы Ахметжан Есімов, Маңғыстау облысы әкімі Серікбай Тұрымов, «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Есен Өтеев, Жаңаөзен қаласы әкімі Мақсат Ибағаров қатысты.

«Маңғыстау облысы – еліміздің ең ірі өнеркәсіптік аймақтарының бірі. Соңғы 5 жылда өңірде 46 жоба жүзеге асырылды. Бүгін медицина мен білім саласына көліктерді сыйға тартып тұрмыз. Бақытты болашаққа дені сау, білімді ұрпақ қажет!» – деді Ахметжан Есімов.

## ЖАҢАӨЗЕНГЕ РЕАНИМОБИЛЬДЕР МЕН МЕКТЕП АВТОБУСТАРЫ БЕРІЛДІ



«Жаңаөзен қаласына қарасты елдімекен мектептерінің оқушыларына бұл автобустар қарлы, жаңбырлы күндері мектепке қатынауды жеңілдетеді. Сыйға тартылған үш реанимобильде шұғыл көмек көрсетуге қажет реанимациялық және акушерлік жинақтар, өкпені жасанды желдету аппараттары бар. Қаладағы жедел жәрдем тапшылығы мәселесі шешілетін болды. Өте қуаныштымыз!» – деді Мақсат Ибағаров.



29-қараша күні Жаңаөзен қаласына іссапармен «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ адами ресурстарды басқару жөніндегі басқарушы директоры Дәулетжан Хасанов, «KMG Engineering» ЖШС құқық және кадр сұрақтары бойынша басқарушы директоры Шолпан Джумагазиева, «KMG Engineering» ЖШС құзыреттілікті дамыту бойынша директоры Айнұр Бекдайрова, «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ-ның талант және персоналды дамыту бөлімінің аға маманы Майра Оспанова, «Татнефть» компаниясының кадрларды дайындау орталығының директоры Евгений Титанов және аталған компанияның өкілдері келді.

## КАДРЛАРДЫ ОҚЫТУ БОЙЫНША ТӘЖІРИБЕ АЛМАСТЫ

Жұмысшы мамандарды оқыту, Өзен кенорнын аралау, тәжірибе алмасу мақсаты бойынша келген делегация өкілдерін «Өзенмұнайгаз» АҚ өндірістік ғимаратының мәжіліс залында бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары Нұржан Абдрахманов қабылдап, жиын өткізді.

Жиында «Өзенмұнайгаз» АҚ корпоративті оқыту орталығы және «Татнефть» компаниясының кадрларды дайындау орталығының атқарып жатқан жұмысы талқыланып, бейнеролик көрсетілді.

Сөз алған Дәулетжан Кеңесұлы іссапарының мақсатын түсіндіріп өтті. «Мақсаты – «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамында еңбек ететін мамандарды оқытып жатқан оқу орталығының жұмысымен танысу. Жыл өткен сайын оқыту жүйесінің дамып келе жатқаны айтпаса да түсінікті. Барлығы цифрлы технологияға көшіп жатыр.



Сондықтан, біз, Татарстан елінің ең ірі мұнай компаниясы «Татнефть»-нің кадрларды даярлау орталығының басшылары мен оқытушыларын шақырдық. Оларда мұнайшы мамандарды оқыту технологиясы жақсы дамыған, тәжірибесі мол мамандар. Аталған компанияның оқыту технологиясын өзімізге енгізіміз келеді», – деді Д. Хасанов.

Қонақтар «Өзенмұнайгаз» АҚ корпоративті оқыту орталығына барып, ондағы оқу мүмкіндіктерімен танысты. Бұдан кейін делегация

мүшелері жерасты жабдығын диагностикалау және жөндеу цехы, химияландыру және экология басқармасы және мұнай өнеркәсібі құралдарын және телокommunikацияларды жөндеу басқармасына барып, тыныс-тіршілігімен танысты.





МАМАН

«Өзенмұнайгаз» АҚ Маркшейдерлік және топографо-геодезиялық қызметі пайдалы қазба кенорындарын анықтауға қатысумен қатар, өз жұмыстары барысында кенорындарды игеруге, онда өндіріске қажет барлық объектілерді басқа да өндірістегі мамандармен қатар орналастыруға қатысып және құрылыстан шығып жерасты, жер үстінде өз орындарын тапқан барлық инфрақұрылымдарды геодезиялық тәсілдерімен өлшемдер, есептері мен сызбаларын жүргізіп, сұранысқа сәйкес карталар құрып «Өзенмұнайгаз» АҚ қатысты мамандарды картография материалдарымен қамтуда.

Бүгінде Талғат Кенжебеков басқарып отырған Маркшейдерлік және топографо-геодезиялық қызметі қоғам бойынша мұнай және газ кенорындарын жайластыру және сапалы ұйымдастыру, толықтай және комплекстік қолдануды қамтамасыз

маркшейдерлік әдістер мен аспаптар қолданылады. Геологиялық маркшейдерлік істер пайдалы қазбаларды жер қойнауы кеңістігіндегі орналасу ерекшеліктеріне, құрылымдық қасиеттеріне қарай геометриялық денелерге бөледі, ал математикалық заңдылықтар мен өрнектерді қолданып, олардың іске жарамды, жарамсыз қорларының мөлшерін анықтайды. Кенорынды пайдалану кезінде маркшейдерлік қызмет тау-кен өнеркәсібі өндірістік процесінің динамикасын тіркеу, пайдалы кеннің сапасын арттыру жолдарын іздестіру, технологиялық процестерді жетілдіру, кенді тиімді бағытта қазып алу, тау жыныстарының қысымы мен қозғалысын зерттеу және оларға қарсы шаралар қолдану сияқты жұмыстарға қатысады.



# МАРКШЕЙДЕРЛЕР – ЕҢБЕК МАЙДАНЫНДА



ету, жер қойнауын қорғауды тиімді және қауіпсіз жүргізу, ұйымдарды жетілдіру және топогеодезиялық, маркшейдерлік, далада өлшеу жұмыстарына жаңа әдіс пен құралдар енгізу, бақылау нәтижелерін өңдеуді автоматтандыру, электронды картографиялық құжаттардың негізін жасақтау сияқты жұмыстарды атқарады.

Көпшілікке беймәлім маркшейдерлер жұмыс күні басталысымен арнайы құрылғыларын алып желдің өті мен күннің ызғарына қарамастан түрлі өлшемдер жасайды. Маркшейдер ісі кенорындарды іздеу, барлау және пайдалану кезінде қажетті карталар мен жоспарды жасау, тіректік және толықтыру торларын салу, пайдалы қазбалардың шығарылу және шығындық көлемдерін анықтау үшін жүргізіледі. Пайдалы қазбаларды ұтымды игеру үшін нақтылап өлшеу кезінде

Тау-кен өнеркәсібін жапқанда немесе тоқтатқанда маркшейдерлер кеннің түгел қазылып алынғанын немесе алынбағанын анықтап графиктік құжаттар толтырады.

– Жалпы, сіз бен біз жердің бетіндегі бөліктерін көрумен ғана шектелміз. Ал, маркшейдер оның асты мен үстін бірдей зерттеп білуі тиіс, – дейді қызмет мамандары, өздерінің жұмыс карталарын көрсетіп.

Жердің асты мен үстінде орналасқан құбырлар, түрлі жолдар мен магистральдар барлығы маркшейдерлік картаға енгізілген. Сол карта арқылы кенорында қолға алынатын әр жұмыстың тиімділігі не болмаса тиімсіздігі, өзге нысандарға тигізетін әсері анықталады.

Жалпы, қызмет мамандарының айтуынша кез-келген кенорынның ашылуы алдында ауқымды зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Соған сәйкес, алғашқылардың қатарында шақырылатын арнайы мамандардың бірі маркшейдерлер болып табылады.

Негізінде «Маркшейдерия» сөзі неміс тілінен шыққан: Mark – шекара және scheider – бөлу. Мамандықтың тамыры ежелден бар. Шахтадағы өлшеулерге байланысты тапсырмалар ежелден бері шешіліп келді. XVI-XIV ғасырларда Б.з.д. Мысырда шахтада жұмыс жасаудың масштабты суреттері жазықтық түріне ауыстырылды. Маркшейдерлік тапсырмаларды шешу әдістерінің қысқаша мазмұнын неміс ғалымы Г.Б. Агрикола (*XVI ғасыр*) келтірген. Маркшейдерлік іс саласындағы алғашқы ғылыми жалпылау М.В. Ломоносовтың «Металлургияның немесе кен өндірудің алғашқы негіздері» (*1763 ж.*) кітабына енгізілген.

«Геодезия» (грек. Geo – жер және dai – бөлемін) – Жердің пішіні мен мөлшерін, қабылданған координаттар жүйесіндегі

нүктелер орнын анықтаудың әдістері мен тәсілдерін зерттейтін, жер бетінің жоспары мен картасын салу...

Демек, кенорынның шекарасын сызып, пайдалы қазбалардың нақты орны мен кеннің ауқымы туралы ақпаратты да маркшейдерлердің қорытындысынан алуға болады.

Бүгінде қоғамға қарасты маркшейдерлік қызметте – қызмет басшысы Талғат Кенжебеков, аға инженер маркшейдер Өтеу Шоқанов және екі инженер маркшейдер Исатай Қажығалиев пен Эльвира Қожахметова жұмыс жасайды. Жақында қызметіміз тағы бір маманмен толықты.

Түрлі нысандарға шығып арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізуден тыс маркшейдерлік қызмет өз аясында Қоғамда жүргізілетін геологиялық, геофизикалық, құрылыс жұмыстарын маркшейдерлік және топографо-геодезиялық жағынан құқықтық және техникалық қамтамасыз ету, жаңадан қолға алынған жобалар құрылыс, реконструкция, мұнай газ өндіріс нысандарын сақтау, жер және кениелік бөліну, мұнай және газ өндіру аумақтарының құрылысы, жердің рекултивациясы т.б. қаралуына және игеруіне қатысады. Қызмет мамандары керекті схема, карталар, жазу-кесте мәліметтер және т.б. топогеодезиялық ақпараттарды сұрастырып алып, оларды жинақтап және өңдеп компьютерге енгізу арқылы ақпараттарды үздіксіз жаңартып отырады.

Негізінен олар Өзен және Қарамандыбас кенорындарына жауапты. Аталмыш кенорындардың ұзындығы шамамен 48, ал ені 7-8 шақырымды алып жатыр. Жаңаөзен қаласы мен Жетібай кенті аралығындағы Батыс Теңге, Тасболат, Ақтас, Оңтүстік Жетібай деп аталатын газ және газ конденсатын өндіру кенорындары да маркшейдерлердің жұмыс аумағына жатады. Олар аса маңызды шаруаларын үлкен жауапкершілікпен атқара отырып, нысандардың инфрақұрылымын жіті зерттеп, әрбір өзгерісті электронды картаға енгізіп отырады. Мәселен, геологтар жаңа ұңғыма жасау керек жағдайда оның жер астындағы орнын анықтап, өздерінің кен игеру картасына белгілеп қояды. Ал маркшейдерлер сол белгіленген нүктелердің координаттарын

есептеп, оның жер бетіндегі орнын анықтап, белгілейді.

«Біз қазылған ұңғымаға құбырлар, электр жүйелерін жалғау жұмыстарына қатысып, геодезиялық түсірім жүргіземіз, құрылыстары біткеннен кейін инфрақұрылым



карталарын құрып, сұранысқа сәйкес қағаз бетіне басып шығарамыз. Кенорындағы кез келген нысанның орны ерекше. Жаңадан қазылған әрбір ұңғымаға тартылатын құбырлар, оны қызметпен қамтамасыз ететін электр желісі мен жарықтың дұрыс өткізілуі – маркшейдерлер жасап шыққан картаға тікелей тәуелді. Әріптестерім таңның атысы мен күннің батысы түрлі кенорындарға шығып, өлшеу жұмыстарын жүргізіп, әр күн сайын өзгертілген нысандар мен объектілерді картаға енгізіп отырады. Көрінбейтін майданның жауынгерлері ретінде маркшейдерлердің атқаратын қызметі орасан зор» – дейді қызмет жетекші Талғат Кенжебеков.





## ЕЛІ ҮШІН ЕҢБЕК ЕТКЕН БАҚЫТТЫ ЖАН

**«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы еңбек ұжымының әлеуметтік мәселелерінің шешілуіне жіті мән беріп келеді. Компаниядағы кез-келген маманның жұмысына қолайлы жағдай жасалып, басшылық тарапынан қолдау болмаған күнде, еңбек жақсы нәтиже бермек емес.**

Автоматтандыру және телекоммуникация басқармасының әлеуметтік-әкімшілік қамту бөлімінде қызмет жасап келе жатқан, әлеуметтік сұрақтар бойынша екінші категориялы инженер Шара Койшиғариеваның күнделікті жұмысы – еңбек адамының әлеуметтік мәселелерін шешумен басталады.

Кейіпкеріміз 1960-жылы Атырау облысы Жылыой ауданында дүниеге келген. Гурьевке қараған ескі Жетібай жеріне өке-шешесінің ұйғаруымен 1962-жылы қоныс аударады.

– Әкем мұнайшы болды. Өмір бойы мұнай саласында жұмыс жасады. Өмірден озғанына да біраз жылдың жүзі болды. Сол өкемнің қызметіне қарап осы салаға деген алғашқы қызығушылым туғаны ақиқат, – дейді Шара Коммунистқызы.

Талапты қыз Жетібай мектебін тәмамдап, бір жыл жұмыс жасап, білімге деген құштарлығы арқасында арман қуып, Алматы қаласына келеді. Осындай табандылығының арқасында 1979-жылы Қыздар педагогикалық институтына оқуға түсіп, химия-биология пәні бойынша білікті ұстаз атанады.

Оқуды бітіріп келген соң, Жетібай кентінде 8 жыл ұстаз болады. Кейін Ақтау қаласына

көшіп, 1992-жылдан 2004-жылға дейін Ақтау қаласында мұғалімдік қызмет атқарады.

– Ойлана келе, өмірімде өзгеріс жасауға бел байладым. 2004-жылдың қараша айынан бастап АЖТБ мекемесіне жұмысқа тұрдым, – дейді ол. Аталмыш мекемеде 15 жылдан бері жемісті еңбек етіп келе жатқан Шара Коммунистқызы 2004-2008 жылдар аралығында кадр ісі жөніндегі инспектор болса, 2008-жылы басқармада әлеуметтік бөлімнің ашылуына байланысты қызметін ауыстырып, әлеуметтік-әкімшілік қамту бөліміне ауысады.

Шара Коммунистқызының екінші мамандығы – заңгер. Жаны жайсаң, тәні ширақ Шара апай аз күннен соң зейнекерлікке шықпақшы. Өзі істейтін ұжым туралы:

– Басқармада 336 адам жұмыс істейді. Негізінен автоматиктерден тұрады. Біздің мамандар компаниядағы компьютер жүйесіне жауап береді. Басқарма Өзен кенорнын түгел автоматтандырып отыр. Директорымыз Әнуар Талдыбаев түсінігі кең адам. Ұжым өте тату. Бір-біріміздің қуанышымызды, қиыншылығымызды бөлісіп, еселі еңбек етіп келеміз – дейді білікті маман.



Шара КОММУНИСТҚЫЗЫ

Қарапайым жұмыскерлердің әлеуметтік жағдайын жақсартумен айналысып отырған Шара Коммунистқызы «әлеуметтік саланың соңғы жылдары көп жақсарғандығын» айтады.

«Брасында да, жұмыскерлерге берілетін шипажайлар, балалардың жазғы демалыс орындары, тамақ мәселесі, медициналық тексерістен өткізу, сақтандыру сияқты мәселелердің барлығы ретімен шешіліп келеді» – дейді Шара.

Зейнеткерлікке қамданып отырған Шара Коммунистқызы өміріне де, әріптестеріне де дән риза. Ол шаттыққа толы шаңырақта өсіп келе жатқан тәтті немерелерінің сабағын тексеріп, ертегі айтып ұйықтатады.

Басында қарайып отыратын кісісі болмаса, хан сарайы да кімге керек? «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген нақылды жақсы түсінетін Шара ұрпақ берген Алла тағалаға сансыз шүкіршілік айтып отырған бақытты жан.

**Бір атақты жазушы «Өмір сүрген әр адамның ғұмыры туралы бір роман жазуға болады» деп жазыпты. Өмір есігін ашып, адам деген қастерлі атты биік ұстап, бала өсіріп, тынбай еңбек еткен кез келген адамның саналы ғұмырына тереңінен үңілетін болсақ, кітапқа жүк болары анық.**

## МӘНДІ ҒҰМЫР ИЕСІ

Мәнді ғұмыр иесі, саналы өмірін мұнай саласына арнаған азаматтың бірі – Зорбай Сәнкебайұлы Бердиев.

Киелі Маңғыстауда дүниеге келген Зорбай мектеп бітірген соң 1975-77 жылдары аралығында Новосібір мен Талдықорғанда әскери борышын абыройлы өтеп, елге оралады.



Зорбай СӘНКЕБАЙҰЛЫ

– Ауылға оралған соң, Бейнеу ауданы, Ақжігіт аулындағы темір жол станциясында 2 жыл жұмыс жасадым. 1980-жылы үйленгеннен кейін Жаңаөзен қаласына көшіп келдім. Сол жылдары Алматыдағы Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын мұнай газ және саласындағы машиналарды өңдеу мамандығы бойынша сырттай білім алдым, – дейді бүгінгі биігінен өткен күніне үңілген Зорбай.

Ол 1982-жылы компанияға электро-монтер болып жұмысқа орналасады.

– Сол кезде қазіргі УАТ (УНУ) мекемесінде, кейін 1984-жылы Өзенэнергонефть мекемесінде қызмет жасадым. Қазір Энергомұнай басқармасында өндірістік-техникалық учаске бастығы лауазымына көтерілдім, – дейді.

Кейіпкеріміз басшылық жасап отырған өндірістік техникалық учаскесі Өзен кенорнын тоқпен қамтамасыз етеді. Учаскеде 30-ға жуық жұмысшы бар. Олар аптасына 5 күн жұмыс істейді. Ауысыммен жасайтын кезекшілер де бар.

Басқарманың өткені мен бүгінін салыстырған тәжірибелі маман:

– Ғұмырымның 37 жылын мұнай саласына арнап, жемісті еңбек еттім. Қазір жұмыс көп жеңілдеді, құрал-жабдықтар жаңартылды. Қосалқы бөлшектер жеткілікті. Бірнеше жыл бұрын асханадан ақша төлеп тамақтанатын болсақ, бүгінде тегін тамақтанамыз-деп компания басшылығына ризашылығын білдірді.

40 жылға жуық ғұмырын мұнай саласының өсіп-өркендеуі, гүлденуі жолына арнаған Зорбай Сәнкебайұлы жақын арада құрмет демалысына шығуға қамданып отыр. Алла тағала азаматқа ұлықты ұл да, қылықты қыз да нәсіп етті. Аллаға шүкір өмірінің жалғасы балдай тәтті немерелер мен жиендер де өсіп келеді. Зорбай, бұйырса ендігі жерде осы балапандарды мектепке апаратын жеке шопыры болатынын айтып, әңгімесін әдемі әзілмен аяқтады.

Қоғам игілігі үшін абыройлы еңбек еткен, қарапайым да ұстамды, өмірден көргені мен түйгені мол азаматқа алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

## ӨЗ ІСІНІҢ МАЙТАЛМАН МАМАНЫ

**Химияландыру және экология басқармасында 5-дәрежелі технологиялық құрылғылардың операторы болып абыройлы еңбек етіп, ұжым құрметіне бөленіп жүрген Махмуд Раджаб-оглы Асадов Жаңаөзен қаласына 1981-жылы Өзірбайжаннан қоныс аударған болатын.**



Махмуд РАДЖАБ-ОГЛЫ

Тепсе темір үзетін жас жігіт Маңғыстау газ өндіру басқармасына жұмысқа тұрып, осы басқармада 11 жыл бойы оператор, соңынан бригадир болып жұмыс істейді. 1992-жылы «Нур Му» (ГРМУ) акционерлік қоғамына қызметке орналасады. Бұдан кейін «Жаңаөзен жөндеу жұмыстары» басқармасына ауысып, бастапқыда слесарь, кейін дәнекерлеушілер бригадасына шебер болады. Қай салада жүрмесін, тыңғылықты да жауапты жұмысы үшін көзге түскен азамат, басшылық

майталман маманы. Махмуд Раджаб-оглының бөліміндегі барлық мамандар жаңа неміс технологиясында жұмыс жасау үшін арнайы аттестациядан өткізілген. Білікті маман – сапалы жұмыс кепілі екені даусыз.

Ауысыммен жұмыс жасайтын бөлімнің жұмысы күндіз-түні бір тынбайды. Маңызды да жауапты жұмыстан шаршап шығатын Махмудты үйінде асыл жары Садагет, сүйікті ұлы мен қызы асыға күтіп отырады.

тарапынан қолдау тауып, 2001-жылы ЭЖБ қарасты экологиялық химия басқару бөліміне жұмысқа тұрады.

Махмудтың айтуынша, жан-жақтан жиналған мұнай таза болмайды. Аталған бөлімнің негізгі жұмысы – мұнай сапасын жақсартып отырып, оның құрамынан тұздарды, өзге де ластаушы қосындыларды ажырату болып табылады.

– Әкелінген мұнайды қабылдап алып, тазалаған соң, арнайы қазандықтарға жібереді. Біз оны фильтрлер арқылы алып, арнайы пештер арқылы қыздырып, 95 градусқа дейін жеткізіп, «Трикантер» жабдығына жібереміз. «Трикантер» оны судан, тұздан айырады да, тек таза мұнай ғана қалады. Таза мұнайдың анализі жасалған соң, оны өрі қарай қолданысқа жібереміз. Анализ жұмыстары оң нәтиже бермесе, тазалау жұмысы қайталанады, – дейді өз ісінің

**Химияландыру және экология басқармасында механик болып табысты еңбек етіп жүрген Көбейсін Бердиев 1997-жылы қаламыздағы О. Тұрмағанбетұлы атындағы техникумды бітірген бойдан, «жас келсе, іске» демекші, білекті сыбанып, мұнай саласына келеді.**

## АДАЛ ЕҢБЕК ИЕСІ



Көбейсін БЕРДИЕВ

Еңбек жолын жөндеуші болып бастайды. Қызметтің әрқайсысының өз қиындығы бар ғой. Соған қарамастан, шын беріліп, ұнатып істесең, ауырлығы білінбек емес. Алдыңғы буын ағалардың ізін жалғап, мұнайшы ісін көркейтіп келе жатқан азамат өз мамандығын мақтанаш тұтады.

Көбейсін жұмыс жасайтын цехта 5 инженер – техникалық қызметкер бар. Ауысыммен істейтін операторлар мен өзге де мамандарды қосқанда 35 адам жұмыс жасайды.

Көбейсін табандылықты қажет ететін өндіріске тән қиындықтың барлығына төзе жүріп, ерен еңбек етумен қатар, отбасында балаларына әкелік мейірімін төгіп жүрген қамқор азамат.

– Балаларым мектеп оқушылары. Менің жұмыстан келетін уақытымды асыға күтіп жүреді. Солардың жарқын күлкісін көргенде, жұмыстан шаршағанымның бәрін ұмытып кетемін, – дейді Көбейсін.

Ширек ғасырға жуық бір салада қызмет жасаған жанның тәжірибесі де, оқығаны мен көңілге тоқығаны да мол екендігі айтпаса да түсінікті жай. Ол «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы сияқты компанияда жұмыс жасайтынына дән риза. «Уақыт өткен сайын басқармадағы әлеуметтік жағдай жақсарған үстіне жақсаруда. Әлеуметтік мәселеге қатысты сұрақтардың бәрі толық шешілді. Енді тек білек сыбанып отбасың, Отаның үшін адал еңбек ету керек» – дейді Көбейсін Бердиев.



**«Бәріміз де бірдейміз, кемсітуді білмейміз» жобасы аясында, волейболды отырып ойнау спорт түрінен сайыс ұйымдастырылды. Сайысқа қала әкімі Мақсат Ибағаров бастаған «Жаңаөзен әкімшілігі», Әділ Сүйебай бастаған «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы, Айдар Касанов бастаған «Ішкі істер бөлімі», Нұрлан Кезбаев бастаған «КезБИ» ЖШС командалары қатысты.**



## ОЙЫН БІЗДІ БІРІКТІРЕДІ

1990-жылы іргетасы қаланып, әлемнің түкпір-түкпірін кезіп, небір дүбірлі додаларда топ жарып, қаламыздың абыройын асқақтатып, мерейін көтеріп жүрген «Алға» мүгедектер клубы мақтауға да, мақтануға да лайық!

Аталған жоба авторлары Бекнұр Бисенов, Құралбек Сеидов «Жобаның мақсаты – өзінің әлеуметтік ортасында жалғыз, жаны жалғыз адамдарға қолдау көрсету. Мен клубқа келіп, өздерін спорт арқылы тәрбиелеп жүрген жігіттердің ерік-жігеріне басымды иемін. Аяушылық жасау Алланың иелігінде ғой, олардың дертіне шипаны Алладан тілеймін. Қала әкімі бастаған бір топ азаматтардың біздің клубтың мұң-мұқтажына көңіл бөлуі-мен үшін үлкен қуаныш, үлкен мәртебе!» – дейді.

Сайыс болған соң, жеңіс пен жеңіліс болуы заңды. Сонымен, 1-орынды әкімнің командасы, 2-орынды ішкі



істер бөлімі, 3-орынды өзенмұнайгаздықтар мен «КезБИ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі командалары еншіледі. Жеңімпаздарға қала әкімінің Дипломы, кубок, медаль тапсырылды.

**Қазақ мұнайына 120 жыл және «Өзенмұнайгаз» АҚ 55 жылдығына орай «Өзенмұнайгаз» кубогіне қыздар арасында волейболдан облыстық турнир ұйымдастырылды.**

Көнігі спортшы Есен Тайжанов төрешілік еткен турнирге волейбол ойын жан-тәнімен жақсы көретін қыздардан құралған 6 команда қатысып, бақ сынасты. Ойыншылар 40 жасқа дейінгілер мен 40 жастан кейінгілер болып, екі топқа бөлінді.

Екі күнге созылған шара қорытындысы бойынша 40 жасқа дейінгілер арасынан 1-орынды Жаңаөзен



ембімұнайгаздықтар, 3-орын өзенмұнайгаздықтар қанжығасына байланды.

Командалар ішінен шебер ойымен көзге түскен Назгүл Түсіпова (Ақтау) мен Бағила Ұзақбаева («Шетпе аршат») «Үздік ойыншы», Нелли Сышляева («ӨМГ»АҚ) мен Гүлзия Тайжанова («ӨМГ»АҚ) «Үздік байланыстырушы», Салтанат Конкеева (қалалық білім бөлімі) мен Жанаргүл Жұмабаева (Жаңаөзен жастары) «Үздік блоктаушы», Ботақөз Істекова («ЕМГ»АҚ) мен Айнұр Мұғзи (Бейнеу) «Үздік шабуылшы» номинациясы бойынша марапатталды.



«YUKILI UMIT»

**Чилидің Сантьяго қаласындағы каратэден өткен әлем чемпионатында Еркінбек Оразұлы Байтөреев еліміздің абыройын асқақтатып, қола медальды қанжығасына байлады.**

## ТАЛАБЫ ЗОР – ЕРКІНБЕК



Жыл басынан бері Стамбулда, Монреалда, Токио және Мәскеу қалаларында өткен чемпионаттарға қатысып, жүлделі оралып жүрген жерлесіміздің жеңіске деген құлшынысы ерекше.

2000-жылы дүниеге келген Еркінбек тоғыз жасынан бастап, ата-анасына өзі айтып, каратэ спортына қатыса бастайды. Сол уақыттан бері үздіксіз жаттығулар мен тынымсыз еңбектің нәтижесінде бірқатар биіктерді бағындырған.

– Балам кішкентай кезінен спортқа бейім, ынталы болды. Біз де бетінен қақпадық. 2011-жылы Теміртау қаласындағы Қазақстан чемпионатында бірінші орын алып, 2014-жылы Азия чемпионатына барып, қола жүлде иеленді. 2017-жылы Испанияның Тенериф қаласында өткен әлем чемпионатында бас жүлдені иеленді. Спортпен қатар Есенов атындағы университетте білім алуда, – дейді спортшының әкесі Ораз.

Еркінбектің әке-шешесі Ораз бен Жанар №3 Мұнай-газ өндіру басқармасында қарапайым мұнайшылар болып жемісті еңбек етіп жүрген қадірлі жандар.

Еркінбектің өзін каратэге баулыған жаттықтырушылары Зейнулла Оңайбаев, Мираас Шамов, Лаура Айтжановаларға алғысы шексіз.

Болашағынан үлкен үміт күттіретін жас спортшының алға қойған арман-мақсаттары өте биік. Жас қыранның сол жолда талмай еңбек етуіне тілектеспіз.



## ҚЫЗДАР САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚОЛДАЙДЫ

жастары, 2-орынды «Шетпе аршат», 3-орынды «Өзенмұнайгаз» АҚ командасы ұтып алды.

40 жастан кейінгі категорияға жататын командалардан жүлделі 1-орын ақтаулықтар, 2-орын



Жеңімпаздарға бас директор Есен Өтеевтің атынан Диплом, медаль, кубок және ақшалай сыйлық тапсырылды.

Адамдарды салауатты өмір салтына тәрбиелейтін осындай шаралар жиі өтіп тұрса, нұр үстіне нұр болар еді!



Мәскеуде Ауған соғысына қатысқан 7 қазақстандық ардагер «За отвагу», «За боевые заслуги» медальдарымен марапатталды. Ресей мұрағатында болған бұл наградалар Қазақстан елшілігіне табысталды.



## МӘСКЕУДЕ 7 АУҒАН СОҒЫСЫ АРДАГЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ



Салтанатты шараға Қазақстанның Ресейдегі Төтенше және өкілетті елшісі Иманғали Тасмағамбетов, генерал-лейтенант, Совет Одағының батыр, Ингушетияның бірінші президенті Руслан Аушев, Ауғанстан соғыс ардагерлері одағының Қазақстандағы төрағасы Өтеген Шәріпбай және ардагер сарбаздар қатысты.

Мараптаушылар ішінде өзіміздің әріптесіміз, Мұнай дайындау және өндірістік қызмет көрсету басқармасы операторы Қошкелді Өміров те бар. «Менің тілегім – тыныштық. Аспан үнемі ашық болып, арайлап таң атса, одан өзге не керек тірлік дүниесіне. Тыныштық бар жерде бақ тұрады» – дейді Қ. Өміров.

Ардагерлер Жеңіс мұражайына барып, майдастармен кездесті. Қазақстандық ардагерлерге емдеу шаралары ұйымдастырылды.

30 жыл өткен соң өз қаһармандарын тапқан марапат құтты болсын!

## КАЙДЗЕН – ТАБЫСҚА ЖЕТКІЗЕДІ

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы акт залында «Ысырапсыз өндіріс» жобасы аясында «КМГ Инжиниринг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бас эксперті Асқар Досмағамбетов «5S жүйесі: Өндірісте, кеңседе жұмысты ұйымдастыру» тақырыбында семинар өткізді.

«5S жүйесі – бұл жұмысты ұйымдастыру әдісі. Нақтырақ айтатын болсақ, кез келген жұмысты орындау үшін ыңғайлы жағдай жасау, өндірістегі тәртіпті, тазалықты сақтау, уақыт пен энергияны үнемдеу. Бұл жүйе қаражатты немесе жаңа технологияны енгізуді қажет етпейді. Жұмыс орнындағы түкке де қажеті жоқ қоқыстардан арылу, жұмыс орнын тәптіпке келтіру – еңбек мәдениетін



қалыптастырады, еңбек қауіпсіздігін жақсартады» – деді А. Досмағамбетов.

«Бұл жүйе №1,2,3,4 мұнай газ өндіру басқармаларына енгізілді. Жобаның қанат жаюына зор үлес қосып жүрген әріптестеріме, сапа саласының білікті де білімді мамандарына шексіз алғысымды білдіремін. Әрбір мұнай газ өндіру операторы жұмыс тобының белді мүшесі бола отырып, сапа үшін жауапты екенін сезінеді. Жауапкершілігі артқан жұмыскер жұмысын сапалы атқаруға ынталы болады. Компания операторларына арналған мына рюкзак №4 МГӨБ аға операторы Сейіс Қуатовтың ұсынысы бойынша өзгертіліп, жетілдірілді. Бүгінде жоғарыда аталған 4 басқарма операторларына 50 рюкзак таратылып берілді» – деді тәуекелдерді басқару және сапа қызметінің жетекшісі Амантай Смадинов.

Нұр-Сұлтан қаласындағы Тәуелсіздік сарайында өткен іскер әйелдер мен жас көшбасшылар форумына «Жас көшбасшы әйел» бағытында Маңғыстау облысынан делегат болып қатысқан әріптесіміз Сәнім Мұратова «Жастар көшбасшысы» номинациясы бойынша жеңімпаз атанып, ҚР ақпарат және қоғамдық даму министрі Дәурен Абаевтың қолынан Алғыс хат алды.

## КОМПАНИЯ МАҚТАНЫШЫ

Сәнім әріптесіміз бұл жетістікке өзінің УАЗ көлігін ұршықтай үйіреді. Жайдарманға да мігірсіз еңбегімен жетті. Ол №3 МГӨБ мұнай-газ операторы болып жұмыс жасап жүр. Өзі жас мамандар кеңесінің белсенді мүшесі. Армрестлинг спортымен шұғылданып, дүбірлі додаларда топ жарып, жүлделі орын иеленіп жүр. Қаламыздағы «Жаңаөзен қайырымды жандар» ерікті тобының жетекшісі бола жүріп, бүгінгі күнге дейін тұрмысы нашар 3 отбасыға баспана алып берді. Ол жүзе біледі, мотоцикл мен қатысады. Керек десеңіз, тіпті аңға да шығады... Жайбарақаттылық жаратылысына жат, алға қойған мақсаттарына жету үшін кездескен кедергілерді аяғымен теуіп, маңдайымен бұзып-жаратып, онда да қара басының қамы үшін емес, қамкөңіл жандардың бақыты үшін күресіп жүрген Сәнімге Алланың нұры жаусын! Биіктерден көріне бер, аяулы әріптес!



Жастар жылы аясында жас мамандар кеңесінің ұйымдастыруымен «Ұлттық ойындар» сайысы өтті. Сайыс Қазақстан мемлекетінің айбынды әнұранымен ашылды. Сайысқа №1, 2, 3 Мұнай газ өндіру басқармасы командалары қатысып, арқан тарту, аударыспақ, садақ ату, ләңгі тебуден жарысты.

«Сайыс жастардың ерік-жігерін шыңдап, көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды. Адам спортпен айналысу арқылы өз денсаулығына көңіл бөлсе-өзін-өзі сыйлағаны. Спортпен айналысқан жан зиянды әдеттерден аулақ болады. Ұлттық ойындар мергендікке баулып, ойдың жылдам өсуіне көмектеседі» – деді жас мамандар кеңесінің төрағасы Бауыржан Бердібайұлы.

## ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР САЙЫСЫ ӨТТІ



ОЙМАҚТАЙ ОЙ  
ІЛІМ-БІЛІМ, ӨНЕР, ОҚУ ҮЙРЕНГЕНГЕ КЕТКЕН АҚША МЫҢ ЕСЕ БОЛЫП ОРАЛАДЫ. БҰЛ – ЗАҢ!

**Арқан тарту:** 1-орын №2 МГӨБ, 2-орын №1 МГӨБ, 3-орын №3 МГӨБ;  
**Аударыспақ:** 1-орын №1 МГӨБ, 2-орын №2 МГӨБ, 3-орын №3 МГӨБ;  
**Садақ ату:** 1-орын №2 МГӨБ, 2-орын №1 МГӨБ, 3-орын №3 МГӨБ;  
**Ләңгі тебу:** 1-орын №2 МГӨБ, 2-орын №1 МГӨБ, 3-орын №3 МГӨБ.

Жалпы командалық есеп бойынша бас кубок №2 МГӨБ командасына тапсырылды. 2-орын №1 МГӨБ, 3-орын №3 МГӨБ командасы үлесіне тиді. Жеңімпаздарға диплом, кубок, қаржылай сыйлық және қонақасы берілді.

Жас мұнайшылар арасында ұлттық ойындардың қанат жаюына атсалысып жүрген жас мамандар кеңесіне Алланың нұры жаусын.





ҚҰТТЫҚТАУ

## МЕРЕЙТОЙЫМЕН ШЫН ЖҮРЕКТЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

**АжТБ жемісті еңбек етіп жүрген Алиага Ибрагимовті 60 жасқа толған торқалы мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!**

Адам өмір жолының асқар биігі – алпыстың шыңына шығып отырған сізді, еңбек ұжымы тәжірибелі маман, жол сілтеуші қамқор аға, аяулы әріптес, ғұмырын Өзен мұнайының дамуына арнаған азамат ретінде таниды.

Алиага Шакиханоглы 1959-жылы 5-қарашада Өзирбайжан Республикасы, Жарск ауданы, Хорел аулында дүниеге келген болатын. Құлжар ауданында орта білім алып, арнаулы оқу орнын тамамдаған жылы әскерге кетіп, екі жыл әскер қатарында болып қайтты.

Әскерден оралған соң, жоғары білім алу үшін Қазақ Ұлттық техникалық университетіне құжат тапсырады. 1983-жылы сәуір айында мұнайлы қалаға қоныс аударып, еңбек жолын скважиналарға қызмет көрсету басқармасында



темір ұстасы қызметінен бастап, аға инженер, цех басшысына дейін өседі.

Бүгінде Алиага Автоматтандыру және телекоммуникация басқармасында цех басшысы болып абыройлы еңбек етіп жүр. «Цехта 13 адам жұмыс істейді. Ұжым тату, мамандар өзара түсінісіп, өнімді еңбек етуде. Тағдырыма дән ризамын. Уақытты ұстап тұрар кім бар?»

Мұнайлы қалаға көшіп келгеніме де 37 жыл өтіпті. Аллаға шүкір ұл да, қыз да жетеді. Құлдырандап немерелер де өсіп келеді. Жаңаөзендік әрбір шаңыраққа бақыт пен береке тілеймін. Елдің ырзық – несібесіне айналған мұнайымыз көп болсын!» – дейді мерейтой иесі.

Әріптесімізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасына ырыс пен ынтымақ, бақыт пен қуаныш тілейміз! Шығар төбеңіз биік болғай, қадірлі жан!

**Ігі тілекпен:  
АжТБ еңбек ұжымы**

55

**Компания құрдастары №1 МГӨБ қызметкері Есен Жұмабекұлы мен №3 СҚКБ қызметкері Дәмеш Мұқашқызын 55 жасқа, ТТБ қызметкері Гүлнәр Сәдуақасқызын 50 жасқа толған туған күн мерекелерімен шын жүректен құттықтаймыз.**



Есен ЖҰМАБЕКҰЛЫ




Дәмеш МҰҚАШҚЫЗЫ

Қадірлі жандардың дендеріне саулық, отбастарына амандық, жүректеріне тыныштық, жұмыстарына табыс тілейміз. Біз Сіздерді жоғары дәрежедегі кәсіби маман ретінде құрметтейміз. Шаңырақтарыңызда той көп болсын! Қосақтарыңызбен қоса ағарып, жақтарыңыз түспей жамандық көрмеңіздер! Үйлеріңізде асық ойнайтын ұлдар мен кәмпит жейтін ерке қыздарыңыз болсын!

«Немере деген бал болады, шөбере деген шырын болады» – деген сөз бар. Ырасында да, немере деген-бақыт, шөбере деген-бақ-дәулет қой. Немерелер мен шөберелер көп болсын! Уайым-қайғы жоқ болсын! Тойыңыз тойға ұлассын!



Гүлнәр СӘДУАҚАСҚЫЗЫ



50



ҚАЗАНАМА

### ӨМІРДЕН ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЖАҚСЫ АДАМ ӨТТІ

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының Мұнай және газ өндіру жөніндегі орынбасары Абат Ақмұқанұлы Нұрсейітовтің дүниеден озуына байланысты қайғысына ортақтасып, марқұмның отбасына, тумаластары мен ағайындарына көңіл айтамыз.

Алланың ісіне адам пенде шарасыз ғой. Өмірден жаны жайсаң жақсы адам өтті. Шалдардың «тұрлауы жоқ дүние» – дегені осы.

Абат Ақмұқанұлы өзінің құрдас, замандастарымен сыралғы жолдас, қимас әріптес бола білді. Өзі өтсе де, замандастарының есінде қалды. Ендігі тілек жаны жәннатта болсын, нұры пейіште шалқысын деу ғана.



«Өзенмұнайгаз» АҚ еңбек ұжымы

### БЕС КҮН ТІРШІЛІК ДЕГЕН ОСЫ...



Ізбибі Құрмашқызы Нұржаубекова 1961-жылы 14 желтоқсанда дүниеге келді.

Өзінің еңбек жолын Нефтебанкте қаржыгер болып бастап, 2002-жылы «Экология-Мұнай» ЖШС есепші болып жұмыс істеді.

2003-жылдан бері Химияландыру және экология басқармасында жалақы есептейтін есепші болып абыройлы қызмет етіп жүрген, Ізбибі науқастанып, 7-қараша күні кенеттен қайтыс болды.

Жұмысын тыңғылықты орындап, бірнеше мәрте марапатталып жүрген әріптесімізден ойламаған жерде айырылып қаламыз деп кім ойлапты?! Артында отағасы мен

4 жасар баласы қалды...

«Барар жерің, бәрібір жердің асты...» – демекші, бұл жазмыштың ешкім өзгерте алмайтын қатал заңы екенін түсінгендей болдық. Бес күн тіршілік деген осы... Жылап келіп, жылап кетеміз...

Марқұмның жатқан жері жайлы, иманы жанында, жаны жәннатта болуын Аллаһ нәсіп етпей!

**ХжЭБ еңбек ұжымы**